


«БЕКІТЕМІН»

Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің әлеуметтік және тәрбие
жұмыстары жөніндегі проректоры
Ж.Н.Базартай 
« 13 » 09 2023 ж.

ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ 2023 - 2024 ОҚУ ЖЫЛЫНА
АРНАЛҒАН ІС-ШАРАЛАР ЖОСПАРЫ

№	Іс-шараның атауы	Мақсат-міндеттері	Орындалу мерзімі
1.	Жеке әңгімелесу өткізу. Психологиялық кеңес беру.	Психологиялық контакт орнату, студентті қабылдау, танысу, студент туралы алғашқы мәліметтерді жинау, рухани көмекке мұқтаж студенттерге ақыл-кеңес жүргізу, жол көрсету.	Жыл бойы
2.	Диагностика жүргізу. Түзету жұмыстарын жүргізу.	Алынған мәліметтер бойынша арнайы әдістемелер арқылы диагностика жасау. Нәтижеге сай психокоррекциялық жұмыстар жүргізу.	Жыл бойы
3.	Әлеуметтік жағдайлары төмен отбасынан шыққан студенттермен жұмыс жүргізу.	Әлеуметтік жағдайлары төмен отбасынан шыққан білім алушыларды әлеуметтендіруде қиындық тудыратын себептерге байланысты олардың бойында әлеуметтік бейімделу деңгейлерінің, әлеуметтік белсенділіктерінің, әлеуметтік құзыреттіліктерінің, әлеуметтік құндылықтарының қалыптасуына ықпал жасау. Жетім балаларға психологиялық-педагогикалық тұрғыдан қолдау көрсету, өмір сүруге үйрету.	Жыл бойы

4.	Жатақханада тұру жағдайына бейімделу (1-курс студенттерімен жеке кеңес жүргізу, психокоррекциялық жұмыстар жүргізу)	1-курс студенттерінің жатақханада тұру ережелерін сақтау деңгейін, өзін-өзі ұстауын, ұстаздарымен, достарымен қарым-қатынастарын бақылау. Топтық және жеке әңгімелесулер ұйымдастыру, бақылау жүргізу.	Жыл бойы
5.	Эдвайзерлермен жұмыс жүргізу.	Студенттердің сабаққа қатысу белсенділігін, қызығушылық қабілетін анықтау мақсатында эдвайзерлерден мәлімет алып, студенттердің жеке ерекшеліктерін ескеру.	Жыл бойы
6.	<p>Университетте оқу жағдайына 1 курс студенттерін университет қабырғасындағы өмірге бейімдеу бойынша жұмыс.</p> <p>Ұйымдастырылған іс-шараларға қатысып, психологиялық қолдау орталығын таныстыру.</p> <p>Сауалнама:</p> <p>Ч.Д. Спилберг және Ю.Л. Ханиннің «Реактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» әдістімесі.</p> <p>Тренингтер:</p> <p>Тренинг: «Мен және мені қоршаған орта» атты психологиялық тренинг.</p> <p>Тренинг: «Өзін-өзі дамыту және нәтижелі коммуникация»</p> <p>Тренинг: «Команда құру»</p>	<p>Студенттерді студенттік өмірге бейімдеу.</p> <p>- бейімдеудің психологиялық диагностика жүргізу;</p> <p>- әр институттар бойынша 1 курс студенттерінің ұжымдық ынтымақтастықтары бойынша тренингтер өткізу.</p> <p>Күз мезгіліне байланысты жүргізілетін маусымдық іс-шара өткізу.</p> <p>Психокоррекциялық жұмыстарға дейін Мазасыздық деңгейін анықтау.</p> <p>1 курс студенттерімен танысу және топтық ынтымақтастыққа бейімдеу.</p>	Қыркүйек
7.	«Жастардың нашақорлыққа көзқарасы» тақырыбында 1 курс студенттерімен еркін форматта кездесу өткізу.	<p>Кездесуде 1-курс студенттердің бір-бірімен, ұстаздарымен қарым-қатынастарын бақылау.</p> <p>Топта өзін-өзі ұстауын және жеке ой білдірудегі кедергілер бар-жоғын анықтау.</p> <p>Нашақорлық туралы жалпы ақпарат алмасу мен ойларын білу.</p>	Қыркүйек-қазан
8.	«Мен өзіме сенемін, жетістікке жетемін!» тренингін өткізу.	<p>Студенттерге адамның алға қойған мақсаты мен оған жету жолындағы ізденістерін саралап, нәтижелі іс жасау керектігіне назар аударту.</p> <p>Болашақ педагог ретінде таңдаған мамандықтарына деген сүйіспеншілігін ояту. Өз мамандығының шебері болу жолында өз-өзіне деген сенімділігін нығайту.</p>	Қыркүйек

9.	Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға арналған әуесқой тесттер, ойындар өткізу.	Студенттерге дағдарысты жағдайлардан қалай шығу туралы мәлімет беру. Өзіне деген сенімділігін, өмірге құштарлығын арттыру. Күйзелісті жағдайлардың алдын алу.	Қазан
10.	«Шыңды бағындыру» атты тренингін жүргізу.	Дарынды студенттердің арасында ой- өрісін дамытатын, шығармашылық қабілеттерін әрі қарай дамыту. Релаксация арқылы жағымсыз ойлардан арылу.	Қазан
11.	Сауалнама өткізу. Психокоррекциялық жұмыстардан соңғы Ч.Д. Спилберг және Ю.Л. Ханиннің «Реактивті және тұлға мазасыздық деңгейін анықтау» әдістемесін жүргізу.	Психокоррекциялық жұмыстардан кейін: Бұл тест сол сәттегі мазасыздық деңгейі (реактивті мазасыздық көңіл күй ретінде) мен тұлғалық мазасыздықты (тұрақты сипат ретінде) бағалаудың сенімді ақпараттық тәсілі болып саналады. Сол кездегі (реактивті мазасыздық) мазасыздық деңгейін зерттеу және (тұлға мазасыздығы) мазасыздықтың деңгейін анықтау.	Қараша
12.	«Тұлғалық өсу және өзіндік сананы айқындау» тренингін жүргізу.	Топтағы тұлға аралық қарым-қатынасты шыңдау. Өзінің қайталанбас тұлға екенін сезіндіру. Адамның әрбір іс-әрекетіндегі негізгі тұлғалық мәнді сезінуіне көмек көрсету.	Қараша
13.	«Өзіңді таны» проективті әдіс өткізу.	Тұлғаның қоршаған ортаға көз қарасы. Өзімен танысу. Өмірінде қандай кедергі барын анықтау.	Қараша
14.	«Ойынға ойсыз құмар. Лудомания деген не?»	Білім алушылар арасында деструктивті мінез-құлық туралы ақпарат беру. Қайдан пайда болатынын және арылу жолдарын түсіндіру.	Қараша
15.	«Есірткісіз болашақ» тақырыбында психологиялық тренингін өткізу.	Студенттерді жаман әдеттерден сақтандыру, ішімдік пен темекінің жас организмге зиянды, әртүрлі жөтел, асқазан, тері аурулары осы никотин мен алкогольдің әсерінен екенін түсіндіру, қоғамның ілгері дамуына кері әсерін тигізіп, жас ұрпақтың сапасы мен өмірін уландыратын ауыр кеселдің бірі- маскүнемдік, шылым шегушілік пен нашақорлық екенін түсіндіру.	Желтоқсан

16.	«Ұстаз – ұлы есім» баяндама жасау.	Болашақ педагог ретінде әрбір студентке педагог мамандығының маңызын түсіндіре отырып, таңдаған мамандығына сүйіспеншілігін ояту, педагог болу жолында шығармашылық арқылы жұмыс жасауды үйренуге тәрбиелеу.	Қаңтар
17.	«Мен өмірге құштармын» тренингін жүргізу.	Студенттерге жақсылыққа жетелейтін жақсы қасиеттермен әрбір жақсы істердің шапағаты туралы түсінік беру. Жақсылықты сезіп бағалай білуге үйрету. Қатысушылардың қоршаған ортаға, айналасындағы адамдарға мейірімді қатынас жасай алу және жақсылықты түсіне білу дағдыларын қалыптастыру. Студенттерді сүйіспеншілікке, сезімталдыққа, сыпайылыққа, қайырымдылыққа, қамқоршы бола білуге, табиғатты сүюге тәрбиелеу.	Қаңтар
18.	1-курс студенттерін оқу топтарына және жатақханаларға бейімдеу деңгейін зерттеу.	1-курс студенттерінің жатақханада тұру ережелерін сақтау деңгейін, өзін-өзі ұстауын, ұстаздарымен, достарымен қарым-қатынастарын бақылау. Топтық және жеке әңгімелесулер ұйымдастыру, бақылау жүргізу, нәтиже шығару. Алынған нәтижелер бойынша жеке және топтық жұмыстар жүргізу.	Қаңтар
19.	Айзенктің темпераментті анықтау тестін өткізу.	Студенттерді темперамент түрлерімен таныстыра отырып, өздерінің темперамент типтерін анықтауына мүмкіндік беру.	Ақпан
20.	«Татулық – достық кілті» тренингін жүргізу.	Студенттер арасында достық қарым-қатынас орнату, жасы үлкен және кішілермен мәдениеттілікті сақтай отырып қарым-қатынас жасауға тәрбиелеу, өзара түсініспеушіліктер, кикілжіндер орын алмаудың алдын алу.	Ақпан
21.	Психодиагностика қорытындысына байланысты психокоррекциялық жұмыстар: Томас-Килманн тестін жүргізу. «Кікілжің жағдайда Сіз кіміз?»	Бұл сауалнама жеке тұлғаға арналған конфликті жағдайларға өзін қалай ұстайтынын анықтайды. Конфликті жағдайларда тұлға қасиеттері жайлы ақпарат береді.	Наурыз

22.	«Өмір мәні» суицидтің алдын алуға арналған тренинг өткізу.	Студентке өзінің ішкі жан дүниесіне үңілуіне, студенттік кездің жалпы және жеке проблемаларын анықтау, оның ерекшеліктерін түсінуге, өз өмір тәжірибенді басқа адамдардың тәжірибесімен салыстыру, белсенді өмір позициясын қалыптастыруға, өзіндік рефлексияны дамытуға көмектесу.	Наурыз
23.	«Үй – Ағаш – Адам» проективті әдісін	Тұлғаның эмоциялары мотивациялық сипаттары, кейбір аспектілері, жасырынып жатқан дүниесін ашуға мүмкіндік береді.	Сәуір
24.	«Жақсы қасиет — жан азығы» тренингі	Студенттер арасында өзара жағымды қарым-қатынас жасауына, шығармашылық қабілеттерін арттыруға, ішкі қатаюдан арылту және жағымды сезімдерін дұрыс қалыптастыруға жағдай жасау. Көпшілік ортада өзін-өзі ұстау, үлкендерге жол беру, амандасу мәдениетінің маңыздылығын түсіндіру.	Мамыр

Психологиялық қызмет орталығының жетекшісі



К.Е. Иманалиева